


**Д15. Жақын адамдармен
эмоционалды қарым-
қатынас жасау -
баланың толыққанды
дамуының қайнар көзі.**



Жоспар:

- 1. Эмоциялар мен сезімдердің қызметтері;**
- 2. Қарым-қатынас мәселесінің зерттелу деңгейі;**
- 3. Қарым – қатынастың типтері**



ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС
арасындағы байланыстың орнауы
мен дамуы, ортақ іс-әрекет
қажеттілігі мен ақпарат алмасуды
қамтамасыз ететін күрделі көп
жақты процесс.

-адамдар



Эмоциялар - бұл адамның қоршаған шындыққа және өзіне деген қарым-қатынас күйзелісінде көрінетін құбылыстар, сонымен қатар, эмоциялар субъективтілікпен сипатталады.





Эмоциялар мен сезімдердің қызметтері:

1.реттегіштік қызмет: ол көніл-күй тұрақтылығы мен мінез-құлышымызға бағыт беріп отырыды. Эмоцияның реттегіштік механизмдері эмоциялық қозуды бәсендедеді.

2.қорғағыштық қызметі: адамда шынайы немесе жорамал қатерден сақтандыратын қорқыныштың туындауымен байланысты. Қорқыныш адам үшін қолайсыз жәйттерден сақтандырады.



3.ынталандыруыш қызметі: адамның ез бойындағы табиғи күштерді жинақтап, қандай болмасын әрекетті орындауға, кедергілерді жеңуге бағытталатын рухани батылдықты туғызады.

4.сигналдық қызметі: адамның не жануардың басқа бір жанды нысанға ықпал, әсер етуімен байланысты. Мысалы: адамдардың сөйлеуі, айқайлауы, тұртуі, басын изеуі, көзін қысуы. Мимика және пантомимика, дене бұлшық еттерінің қимылды, иығын керуі, қолын сермеуі т.б.



Сезімдер мен эмоциялардың сапалық ерекшеліктері:

1. Қарама-қарсы, полярлық сапалықтар

Мысалы: сүйсіну-сүйсінбеу, шаттық-уайым, осы сапалар екі полюске ажыраған, біріне-бірі қарама-қарсы мағынада қолданылады.

2. Актив (қажырлы) және пассив (солғын) сапалықтар:

- стеникалық** - күшті, сергітетін; белсенділікті арттырады, қоздыратын, жандандыратын (қуаныш, ашу) эмоциялар
- астеникалық** - пассивті, белсенділікті басады, қаттылықты тудырады, мақсатқа жетуге кедергі келтіреді (қорқыныш, сағыныш)

3. Жігерлену және кернеуден босану немесе шешіну

Мысалы: студенттің емтиханнан өтуі, спортпен айналысатын адамның мәреге жетуі, шешуші кезеңдері болып табылады. Мәреге тақағанда адам барлық күш жігерін жұмсайды, осы кез өткен соң басқа бір күйге түседі, мұны кернеуден босану (шешіну сезімі) дейді.



Қабылдау

Қарым-қатынас

Ақпарат беру

Түсіну

Мойындау

Бағалау

Сөйлесу



Қарым-қатынас мәселесінің зерттелу деңгейі.

Қарым – қатынас - тұлғаның қалыптасуының ең маңызды факторларының бірі болып табылады. Ежелгі Греция мен Ежелгі Римде қарым – қатынас мәселесі шешендік өнер, эвристика және диалектика саласында зерттелді. И.А.Зимняяның айтуынша қарым – қатынас XX гасырдағы жаңа мәселе. Қазіргі кезде қарым -қатынас мәселесі философия, әлеуметтану, әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, әлеуметтік психология, жалпы психология, педагогика, педагогикалық психология салаларында зерттелінуде. Қарым – қатынастың тұлғаның дамуындағы маңызды орнын психологтар В.Г.Ананьев, А.А.Бодалев, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Б.Ф.Ломова, А.Р.Луръя, В.Н.Мясищев, А.В.Петровский зерттеген.



Қарым - қатынастың келесі аспектілері болады:

Мазмұны



Мақсаты



Әдіс құралдары



1. Қарым-қатынастың мазмұны дегеніміз ол адамның ішкі мотивациялық немесе эмоционалдық күйі туралы мәліметтер болу мүмкіндігі.
2. Қарым – қатынастың мақсаты дегеніміз ол - адамда белгілі нәрсеге байланысты белсенділік түрінің пайда болуы.



Қарым-қатынастың әдіс – құралдарына мыналар жатады: тіл, суреттер, сызбалар, бейне таспалар, механикалық, магниттік, лазерлік жазба құралдар.



Қарым-қатынастың жақтары

Коммуникативті
-ақпарат алмасу
-ақпарат беру
-ақпарат тарату

Интерактивті
-ынтымақтастық
-қарысылық
-бұйыру
-тығыз қарым-
қатынас
-компромисс

Перцептивті
-идентификация
-Эмпатия
-аттракция
-рефлексия



Қарым – қатынастың типтері



Манипулятивті қарым -қатынас –партнеріне өзінің іштей мақсаттарын жасырын түрде жүзеге асыру үшін жасалынатын қарым-қатынас түрі. Қарым-қатынастың бұл түрі, әсіресе, бизнес, іскерлік қарым-қатынаста әбден орынды болғанымен, достық, жолдастық, сүйіспеншілік саласында орынсыз.





Диалогты қарым-қатынас – біріккен таным мен партнер арасындағы өзіндік танымды мақсат еткен бірдей құқықты субъекті өзара әрекет. Диалогты қарым – қатынастың ерекшелігі – эгоцентризмнен, өзіндік ұстанымнан альтруизмге, өзгеге, басқаға бағытталған ұстанымға көшу.





Императивті қарым - қатынас
– авторитарлы (әміршіл) форма, партнердің мінез – құлқын, ойын, пікірін бақылау, қатынастагы оны белгі әрекет пен шешімге күштеу мақсатымен жузеге асырады.



Іскерлік қарым-қатынас – тұлға ерекшелігі, мінезі, жасы, көңіл - күйі ескеріледі, бірақ ең бастысы істің орындалуы.



Қарым – қатынас формалары:

- Тікелей
- Жанама
- Тұлғааралық
- Вербальды
- Вербалды емес



Тікелей

Бір адамнан екінші
адамға ақпарат
алмасуы

Жанама

Ақпаратты жеткізіп
отыратын қосымша
делдалдың қатысуымен
ерекшеленеді.

Тұлғааралық

Адамдардың бір – бірінің
индивидуальды ерекшеліктерін
білүмен, жаңашырылыштың,
түсінушіліктің,
өзара әрекеттесушіліктің
болуымен сипатталады.





Вербальды қарым – қатынас

сөздің дыбыстық көрінісі

дауыстың ырғақтылығы


Вербальды емес қарым – қатынас

кинесика (жест, мимика, пантомимика)

таксика

проксемика

- A. Зерттеу жұмыстарына сүйенетін болсақ, адам қарым-қатынасының күнделікті актісіндегі сөздер оның 7% құрса, дыбыстар мен дауыс ырғағы 38%, сөйлеу тілінің қатысының жүрген әсер 55% құрайды екен.
- B. Адамның ішкі күйін бейнелейтін бет әлпетіндегі бұлшық еттерінің қозғалыстары, оның күнделіктерінің шынайы мәнін табыс етеді. Ымдар ақпараттың 70% құрайды, яғни адамның көздері, көзқарасы, бет-әлпеті оның айтылған сөзінен бетер анықтама береді. Ал адамның маңдайы, қасы, аузы (ерні, көзі, мұрны, иегі) оның түр негізгі эмоцияларын анықтайды.



Назарларыңызға
рахмет!!!

